

СТИЛИСТИКАНЫҢ АУЫЗША СӨЙЛЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ АНАЛИЗ

Шаттыгүл ЕРХОЖИНА*

Аңдатпа: Мақалада стилистиканың ауызша сөйлеу ерекшеліктері сөз болады. Лингвистикалық стилистика грамматикалық тіл фактілерін, сөйлеу коммуникация процесіндегі тілді пайдаланудың заңдылықтарын зерттейтін көп аспектілі ғылым саласы ретінде қарастырылды. Бірнеше лингвистердің ауызша сөйлеуге қатысты тұжырымдары талқыланды. Сонымен қатар қазіргі қазақ жастарының ауызша тіл қолданыстарына анализ жасалды.

Ауызша сөйлеу тілдік қарым-қатынас жасаудың түрі болғандықтан, дайындықсыз, тікелей қарым-қатынас жасау барысында іске асатыны оның басты ерекшелігі ретінде қарастырылды. Ауызекі сөйлеу қысқа құрылымда болады. Сөйлемдер күрделі немесе құрмалас сөйлемдерді көп қамтымайды. Диалогте сөзді қысқарту, сөзді қалдырып кету т.б. жиі кездеседі. Сондықтан ауызша сөйлеуде тіл біліміндегі тіл бірліктерін үнемдеу заңдылығы үлкен көрініс табады. Тілдегі экспрессивті, эмоционалдық құбылыстардың ауызша сөйлеуде жақсы байқалатыны, қазіргі тіл ғылымында ауызша сөйлеу стилін жаңаша сленгтердің толықтырып отыруы қарастырылды. Қазақ қоғамында орыс, ағылшын, түрік сөздерінің икемделіп, сленг түрінде қолданыс табу себебі түсіндірілді. Мұның өзі тіл ғылымында жазбаша нормаға қарағанда, ауызша сөйлеу стилін зерттеуде жаңа аспектіден зерделеуді қажет ететіндігі деген тұжырым жасалды.

Тірек сөздер: *стилистика, ауызекі сөйлеу, эллиптикалық, сленг, эмоциялық, экспрессивті*

Analysis of Oral Speech Features of Stylistics

Abstract: The article discusses the features of oral speech of stylistics. Linguistic stylistics was considered as a multifaceted branch of science that studies grammatical language facts, laws of language use in speech communication process. The findings of several linguists regarding oral speech were discussed. At the same time, the oral language usage of modern Kazakh youth was analyzed.

Since oral speech is a form of language communication, it is considered as its main feature that it is realized during direct communication without preparation. Oral speech has a short structure. The sentences do not contain many complex or compound sentences. Abbreviation of words, omission of words, etc. in dialogue. often occurs. Therefore, the law of saving language units in linguistics is greatly reflected in oral speech. It was considered that expressive, emotional phenomena in language are best observed in oral speech, and new slangs complement the style of oral speech in modern language science. The reason why Russian, English, and Turkish words are flexible and used in the form of slang in Kazakh society is explained. It was concluded that it is necessary to study the style of oral speech from a new aspect in language science compared to the written norm.

Key Words: *stylistics, colloquial speech, elliptical, slang, emotional, expressive.*

КІРІСПЕ

Лингвистикалық стилистикаға қатысты лингвистердің арасында әртүрлі пікірлер бар. Қазіргі таңда лингвистердің назарын аударып отырған тіл стилі әлі күнге дейін жеткілікті дамыған жоқ. Стилистика мәселесі – өте күрделі, өзінің функционалдығымен қарым-қатынас әрекетіндегі тілдің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық тәсілдерді қолдану принциптерін ретке келтіретін сала. Стилистика тілдің көркемдегіш амал-тәсілдерін, түрлі қоғамдық салаларда тілдің жұмсалудың, қатысымдық әрекетінің функциясын атқарады. Ол грамматикалық тіл фактілерін, сөйлеу коммуникация процесіндегі тілді пайдаланудың заңдылықтарын зерттейді, сонымен қатар, көптеген ғылыми практикалық проблемаларды қамтиды, сөйлеу коммуникация үдерісіндегі тілді пайдаланудың заңдылықтарын зерттейді. Ол тілдегі стилистикалық амал тәсілдерді ғана қарастырмай, стилистикалық мүмкіндіктердің барлық базасын қамтуды көздейді, әдеби тілдің нормасын сақтап, стилистикалық норманы қалыптастырады және стилистикалық ұғымдар мен белгілердің межесін өзіне тірек ете отырып, стильдің теориялық проблемаларын шешіп береді. Олай болса, стилистика көп аспектілі ғылым саласы ретінде қарастырылады. Гальперин еңбегінде: «Точка зрения на стиль как на украшение речи привела вообще к отрыву формы от содержания. Стиль языка представлялся как сумма технических приемов, применяемых

* SDU University, Педагогика ғылымдарының кандидаты, қауым. профессор. Алматы, Қазақстан e-mail: ergozhina@inbox.ru

вне зависимости, а иногда и вопреки содержанию сообщения»(Galperin, 1958). Стил сөйлеуді безендіру, көркемдеу формалары түрінде қолданылады дей келе, лингвистер пікірлерін дәлел ретінде келтіреді.

В.В. Виноградов бұл бағытқа өз үлесін қосты. Ол басқа лингвистердің пікірлерінен бөлек, стиль туралы мәселеге қажетті конструктивті айқындық енгізді. Оның пікірінше, сөйлеу стилдері негізгі жанрларының немесе қоғамдық сөйлеудің конструктивті түрлерінің композициялық жүйесі бар. В.В. Виноградов пікірінде тіл мен әдебиеттің стилі айырмашылықтары сақталады. Ол бірінші, тілге қатысты құбылыстарды сөйлеуге қатысты құбылыстардан ажыратып алады; екінші, тіл стилистикасы мен сөйлеу стилистикасын көркем әдебиет стилистикасымен бір тұтастықта біріктіреді. Ғалым стилистиканың мағыналық өсуін айқындады. Өйткені, тіл стилистикасы мен сөйлеу стилистикасы құбылыстарын әдебиетке әкеліп, ол көркем-эстетикалық әрекеттерге бағынады деп, әдеби композицияның құрылымымен байланыста негіздеді. Сондықтан тіл стильдері тек функцияларға ғана емес, қоғамдық функцияларға негізделетінін алға тартты. Ғалымның стильдерді жіктеуі: ауызша, газет-публицистикалық, ресми-кеңсе, көркем-әдеби стильдер. Осыған байланысты тілдің маңызды қоғамдық функцияларын анықтау қажет. Мұндай функциялардың бірі ретінде қарым-қатынас, хабар, әсер ету функциясын айтуға болады. Бірінші функцияны білдіретін тілдік стильді күнделікті-тұрмыстық, екіншісі – күнделікті-іскерлік, ресми-құжаттық және ғылыми; үшіншісі – публицистикалық және көркем деп белгілеуге болады.

Тілдік құралдардың стилистикалық қасиеттері мәселелері экспрессивті реңктер проблемасымен байланысты екенін айтқымыз келді. Тілдік элементтерге (лексикалық, грамматикалық, синтаксистік) байланысты В.В.Виноградовтың пікірін көрсетуге болады. " Объединяются в некоторые совокупности, в некоторые устойчивые экспрессивно-стилистические ряды внутри языковой системы в силу однородности экспрессии, а также сходного отношения к единой норме общенородного языка и к сложившейся традиции их функционального-ограниченного употребления» (Vinogradov, 1981).

«Стилистика языка исследует, с одной стороны, специфику языковых подсистем, называемых функциональными стилями и подъязыками и характеризующихся своеобразием словаря, фразеологии и синтаксиса, и, с другой стороны, - экспрессивные, эмоциональные и оценочные свойства различных языковых средств. Стилистика речи изучает отдельные реальные тексты, рассматривая, каким образом они передают содержание, не только следуя нормам, известным грамматике и стилистике языка, но и на основе значащих отклонений от этих норм» (Arnold, 2002).

Ол «Стилистика» кітабында стилистика әңгімелесушілердің әлеуметтік қарым-қатынастарына, сөйлесушінің сөйлесу мәніне субъективті, эмоциялық қарым-қатынасы қандай және соңғы жағдайды қалай бағалайтынына байланысты әртүрлі нысандарды қабылдай алатынын қарастырады. Отандық ғалым Г.Смағұлова ауызекі сөйлеу тілінің коммуникативті қызметін үш түрлі шарттың орындалуы арқылы айқындаған болатын. Олар: сөйлеуде ресмиліктің болмауы, еркіндіктің орын алуы, дайындықсыз сөйлеу үрдісі. Ғалымдардың қайсысы болмасын, тұжырымдар бір-бірінен аса алшақтамайтыны байқалады.

Біз лингвистердің стилистикаға берген тұжырымдарын талқылай келе, келесі кезекте стилистиканың ауызша сөйлеу стиліне анализ жасамақпыз.

Сөйлеуді екіге бөліп қарастырамыз. Бірі адамдардың күнделікті тұрмыста бетпе-бет ауызекі сөйлесу актісі арқылы жүзеге асса, екіншісі көпшілік алдына шығып сөйленетін сөз. Ауызша (ауызекі) сөйлеуге тән синтаксистік ерекшелік – эллиптикалық айналымдардың болуы. Яғни өтініш сөздер, қайталама сөздер. Олар ерекше

мақсаттарда пайдаланылуы мүмкін, мысалы, диалогтық сөйлеуде тітіркенуді білдіру, атап айтқанда-ресми тонды, сыпайы, бұйрық, жасырын қауіп және т. б. Сөйлемнің жекелеген бөліктерінің болмауы диалогтық сөйлеудің нормасы болып табылады. Көпшілік алдындағы ауызша сөйлеу түріне шешендік сөз, жиналыстарда сөз сөйлеу, ауызша баяндама және т.б.

Ауызша сөйлеудің эмоционалдығы тілде сөйлеу-эмоциялық лексика және фразеология ретінде бекітілетін ерекше сөздер мен сөз тіркестерін де өмірге әкеледі. Ауызша сөйлеуде эмоцияны білдіру үшін көбіне стилистикалық синонимдердің қызмет атқаратыны белгілі. Стилистикалық синонимдер сөйлесушінің тұжырымға сәйкес келетін жоспарланған реакциясын жасауға бағытталады. Гальпериннің еңбегінде сөйлеуді безендіруге бағытталған әдістер жиынтығы ретінде стильге деген көзқарас форманың мазмұннан бөлінуіне ықпал еткені айтылады. Барлық стилистикалық құрылғылар мәлімдеменің мазмұнына қосымша, кез-келген әшекей сияқты оны айтылған ойға зиян келтірместен оңай алып тастауға болатын нәрсе ретінде қарастырады. Мұнда сөздерді таңдау мәселесін синонимия проблемасымен байланысты дейді. Сөзді таңдау бірқатар синонимдік құралдардың ішінен таңдау дегенді білдіреді.

«Синонимдер – мағыналары бірдей немесе ұқсас сөздер» деген анықтаманы толық болмағанымен осы құбылыстың тән белгілерін шамалы дұрыс көрсететінін білдіреді. Дегенмен ғалым: «Бірақ мағынаның осы жақындығының шекаралары қайда? Синонимикалық қатарға қандай сөздерді қосуға болады және қайсысы кірмейді және соған байланысты осы синонимдік қатарға сөздерді бөлу мүмкіндіктері қандай?» деген мәселелерді көтере келе, «осы мәселелердің бәрі әлі де қанағаттанарлық шешімін тапқан жоқ» деген тұжырым жасаған (Galperin, 2014). Сөздердің мағыналық жақындығы шекарасын қалай анықтауға болады, яғни көтерілген мәселенің түйіні бойынша, жақын семантикалық байланысы бар сөздердің барлығын бірдей синоним деп санауға болмайды. Олардың жақын семантикалық қатынастарына қарамастан, синонимдер ретінде қарастыруға болмайды.

Е.Земская мен Е. Ширяев дәлелдеп көрсеткендей: топ алдында ауызша сөйлеу тілінің басты белгілері – сөйлеу тақырыбының алдын ала белгілі болатындығы, соған орай сөйлеушінің тексті жазып алатындығы немесе оған ойша дайындалатындығы. Сөйлеу диалогке құрылмайды, сөйлеуші мен тыңдаушының арасында ресмилік болатындығы, т.б ерекшеліктерді нақтылай келе, ауызша әдеби тіл әдеби кодификацияланған тілдің ауызша формасы деп көрсетеді (Zemskaya, Shiryayev, 1980).

Ауызша сөйлеу тілдік қарым-қатынас жасаудың түрі болғандықтан, дайындықсыз, тікелей қарым-қатынас жасау барысында іске асады. Бұл – оның басты ерекшелігі. Мұнда тіл мәдениетін қатаң сақтау талабымен шектелмейді. Ауызша сөйлеудің басты мақсаты тез хабар беру, хабар алумен байланысты болуына қарай ауызекі тілде әдеби тілдік нормасынан тыс сөздер мен сөз тіркестерін де қолдану орын алады. Мәселен, жаргондар, диалектілер, варваризмдер мен кәсіби сөздер т.б. Ауызекі диалог қысқа құрылымда болады. Сөйлемдер күрделі немесе құрмалас сөйлемдерді көп қамтымайды. Диалогте сөзді қысқарту, сөзді қалдырып кету т.б. жиі кездеседі. Сондықтан ауызша сөйлеуде тіл біліміндегі тіл бірліктерін үнемдеу заңдылығы үлкен көрініс табады. Ауызекі сөйлеу стилінде синтаксистік ерекшелік ретінде жақсыз, толымсыз сөйлемдерді қолданудың стилистикалық мүмкіндіктері өте жиі байқалады (толымсыз, жақсыз сөйлемдерде сөйлем мүшелерінің түсіп қалуы ым-ишарат қимылдарымен толықтырылып отырады). Тілдегі экспрессивті, эмоционалдық құбылыстар ауызша сөйлеуде жақсы байқалады және тақырыптың лезде басқа бағытқа ауысуы да – ауызекі сөйлеуге тән ерекшеліктер. Ауызша сөйлеудің негізгі мақсаты хабарды тез беру, жеткізу болғандықтан, сөйлеуде әдеби тілдің нормаларынан тыс сөздер мен сөз тіркестері - варваризмдер, кәсіби сөздер, диалект, жаргондар , т.б.

кездеседі. Қазіргі ауызекі сөйлеу үрдісінде заман ағымына қарай көптеген ерекшеліктер бар. Мәселен, сөйлеудегі сленгтердің көптеп қолданыста болуын айтуға болады. Әсіресе қазақ жастарының ауызша сөйлеуінде түрлі тілдерден енген сөздердің сленг түрінде көрініс табуы орын алуда. Халықтың диалектілік, жаргон сөздерімен қатар жалпыхалықтық сөйлеу қатынасының ауызша түріне еніп дендеп келе жатқан құбылыс. Тілге енген сленгтерді тасымалдаушылар жастар тобы. Олардың түрлі тілдерді меңгеру қабілеттеріне сай, тілдегі қолданыстарды жеңілдету, ойды жылдам жеткізу, тез айту секілді тілдік әрекеттерді оңайлатуға құрылған ауызша сөйлеу үлгі деп айтуға болады. Тілді меңгеруіне қатысты ой – олардың ауызша қолданыстарына өзге тілдің сөздерінің еніп отыруы.

Сленгті әлеуметтік диалект деп қарастыратын болсақ, жастар арасындағы қолданыс жаппай әлеуметтенуде. Тек жастар ғана емес, көпшілік бұл қолданыстың мәнін түсіне кететін жағдайға жеттік. Мәселен, *универ – университет, общяга – жатақхана, читалка – оқу залы, тема – күшті, керемет, жиза – өмірлік жағдай, тираж болу – өзінше болу, краш – әдемі, ё моё – таң қалу, окей – жарайды, аби –ага, инстаграм – инста т.б.* Бұл – әдеби тілдік нормадан тыс дамып жатқан құбылыс. Орыс, ағылшын, түрік сөздерінің ауызша қолданысқа икемді қысқа сөздерін қолдану, ұзақ сөздерді қысқартып тілге икемдеп алу үдерістері жүріп жатыр. Сөздерді қысқарту, үнемдеу ауызша стилистикаға тән құбылыс болғанымен, қазақ жастарының немесе әлеуметтің басқа тілден сөздер алып, оны қысқарта қолдануы белең алуына интернеттің де ықпалы бар екені даусыз. Қазіргі тіл мәдениетін зерттеушілердің де тұжырымдары осыған саяды.

«Интернет-сленгті бүгінде кез келген жерде кездестіруге болады: жарнама берушілер интернет сөздерін пайдаланып жастарды тартады, радио мен теледидар дикторлары интернет тілін, біздің «атақтылар» өз сөзінде интернет тілін қолданады. Мысалы, әншілер Instagram желісінде және басқа да әлеуметтік желілерде әртүрлі интернет сөз тіркестерін қолданады» (Asylzhanova, 2020). А. Байтұрсынұлы «тіл тазалығын сақтау – бейпіл, жаргон сөздерді пайдаланбау – біздің патриоттығымыз бен сауаттылығымызды арттырады» деп айтқандай, тілдің тазалығын сақтау ұлт тілі үшін өте маңызды. Сондықтан бұқаралық ақпарат құралдары таза және тілдің айнасы болуы керек. Ауызша сөйлеу мәселесі зерттелгенде қазақ тілінің орфоэпиялық заңдылықтары мен нормасы ескеріледі. Біздің жоғарыда сөз еткен мәселелеріміз де осы заңдылықтар аясында қарастырылған тілдік құбылыстар және әлем ғалымдарының лингвистикалық стилистиканың ауызша сөйлеуге қатысты теориялық тұжырымдарын талқылау болды. Дегенмен ауызша сөйлеу мәселесі жаңаша көзқараста антропоэзектік, прагматикалық деңгейде зерттеуді қажет етеді. Қазіргі ауызша сөйлеуді сөз мәдениетімен тікелей байланыста зерделеу өте өзекті мәселе болуда.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Гальперин И.Р. Очерки По Стилистике Английского Языка: Опыт Систематизации Выразительных Средств. «Либроком», -2014 Г.-382 Стр.
2. Виноградова В.В. Проблемы Русской Стилистики. -М., 1981.
3. Арнольд И. В. Стилистика. Современный Английский Язык. М.: Флинта: Наука, 2002.
4. Щерба Л. В. Языковая Система И Речевая Деятельность / Ред. Л. Р. Зиндер, М. И. Матусевич; Акад. Наук Сср, Отд-ние Лит. И Яз., Комис. По Истории Филол. Наук.- Л. : Наука. Ленингр. Отд-ние, 1974. - 427.
5. Земская Е, Ширяев Е. Устная Публичная Речь: Разговорная Или Кодифицированная?// Вопросы Языкознания. 1980. №2.
6. Асылжанова, А.Б. Қазіргі Жастардың Сөйлеу Мәдениеті / «Жас Ғалым». - 2020. - No 49 (339). - 587-590 Беттер.